

Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директорымен А.К. Байсарина

Ғылыми-зерттеу қызметі
департаментының директорымен З.Т. Нугаева

Академиялық сапаны арттыру департаменті
директорының орынбасарымен А.Ж. Есенбекова

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «28» 11 №5 хаттама)

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырғанға дейін

ЕНГІЗІЛДІ: жаңадан

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде» (бұдан әрі – Университет) білім беру, ғылыми және әдістемелік қызметте жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын қолдану тәртібі, қағидаттары, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1.2 Ереже ЖИ технологияларын жауапты, этикалық және тиімді қолдануды қамтамасыз етуге, білім сапасын арттыруға, білім алушылар мен оқытушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

1.3 Ереже Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына (ПОҚ), құрылымдық бөлімше қызметкерлеріне және барлық деңгейдегі білім алушыларға қолданылады.

1.4 Ереже Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллектті қолдану туралы» Заңы, «Білім туралы» Заңы, ҚР Жоғары білім мен Ғылымды дамыту тұжырымдамасы (2023–2029), Академиялық адалдық лигасының ЖИ қолдану жөніндегі нұсқаулығы және Университеттің Академиялық саясаты негізінде әзірленді.

1.5 Ережені қайта қарау нормативтік актілер өзгерген жағдайда немесе Университеттің стратегиялық басымдықтары түзетілген кезде Ғылыми кеңес шешімімен жүргізіледі.

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- Академиялық адалдық – оқу және ғылыми қызметтегі шынайылық пен этикалық мінез-құлық қағидаты.
- Генеративті ЖИ (GenAI) – оқыту деректері негізінде жаңа контент жасайтын ЖИ түрі.
- Жасанды интеллект (ЖИ) – деректерді талдап, қорытынды шығарып, жаңа материалдар жасай алатын технологиялар жиынтығы.
- ЖИ-құрал – интеллектуалдық тапсырмаларды орындау үшін машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланатын бағдарлама.
- Цифрлық сауаттылық – цифрлық және ЖИ технологияларын жауапты қолдануға арналған білім мен дағдылар.

3. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

3.1 Адамға бағытталу.

ЖИ технологиялары адам ақыл-ойының мүмкіндіктерін толықтыратын құрал болып табылады және адамның шығармашылық, зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін күшейтуге бағытталған. ЖИ-ды қолдану білім алушылар мен оқытушылардың ойлауын, кәсіби құзыреттілігін және жеке жауапкершілігін алмастырмауы тиіс.

3.2. Академиялық адалдық.

ЖИ қолданудың кез келген түрі ашық көрсетілуі және пайдаланылған

құралдарға сілтеме берумен сүйемелденуі тиіс. ЖИ-ды дереккөзді көрсетпей қолдану академиялық адалдықты бұзушылық болып саналады.

3.3. Тең қолжетімділік.

Университет білім беру процесіне қатысатын барлық тұлғалар үшін ЖИ-ды пайдалануға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Оқу тапсырмаларын орындау кезінде студенттер мен ПОҚ-тан ақылы жазылымдарды немесе арнайы жабдықты міндетті түрде талап етуге жол берілмейді.

3.4. Этикалық талаптар және құпиялылық.

ЖИ-мен жұмыс барысында кәсіби этика нормаларын сақтау қажет, жүйелерді дискриминациялық, жалған немесе манипулятивтік контент жасау үшін пайдалануға болмайды. ЖИ сервистеріне деректерді жіберу кезінде студенттердің, әріптестердің немесе Университеттің жеке деректерін жариялауға қатаң тыйым салынады.

3.5. Жауапкершілік және шынайылық.

ЖИ көмегімен алынған ақпараттың дұрыстығы мен корректілігі үшін әрбір қолданушы жеке жауап береді. ЖИ нәтижелері міндетті түрде нақтылыққа және академиялық стандарттарға сәйкестігіне тексерілуі тиіс.

3.6. Цифрлық мәдениетті дамыту.

Университет цифрлық сауаттылықты, сыни ойлауды және ЖИ-ды жауапты пайдалануға қатысты дағдыларды дамытуға жағдай жасайды. Бұл – түлектердің кәсіби дайындығының маңызды бөлігі.

4. УНИВЕРСИТЕТТЕ ЖИ ҚОЛДАНУ САЛАЛАРЫ

4.1. Оқу процесінде:

- білім алушыларға оқу уақытын жоспарлау және ұйымдастыруда көмек көрсету;
- генеративті ЖИ құралдары арқылы резюме, конспект, түсіндірмелер және тест тапсырмаларын әзірлеу;
- оқытушылар тарапынан интерактивті тапсырмалар, әдістемелік құралдар, оқу кейстерін дайындау;
- оқу материалдарын студенттердің деңгейіне бейімдеу (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін).

4.2. Ғылыми-зерттеу қызметінде:

- ғылыми дереккөздерді іздеу және жүйелеу, әдебиеттерді талдау, аннотациялар мен мақалаларды аудару;
- деректерді талдау, графиктер мен визуализациялар жасау, статистикалық материалдарды өңдеу;
- ғылыми жобалар мен мақалаларды дайындау (дербес интерпретация және дұрыс цитаталау шарттары сақталған жағдайда).

4.3. Әкімшілік және ұйымдастырушылық қызметте:

- мәтіндер, есептер, сауалнамалар, ақпараттық хаттар және анықтамалар әзірлеу;
- құжаттардың көмекші шаблондарын жасау және рутиндік

процестерді автоматтандыру;

- оқытушылар мен білім алушылар арасындағы коммуникацияны оңтайландыру (мысалы, чат-боттар, автоматты кесте генераторлары арқылы);
- ЖИ көмегімен алынған нәтижелер қосымша сипатта болады және Университеттің ресми құжаттарын алмастыра алмайды. Өтініштерді рәсімдеу кезінде өтініш беруші ЖИ мәліметтерін ресми негіз ретінде пайдалана алмайды.

5. ЖИ ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

5.1. Білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы жұмыс дайындау барысында ЖИ қолданған фактісін міндетті түрде көрсетуі тиіс – әдебиеттер тізімінде, сілтемеде немесе түсіндірме жазбада.

5.2. ЖИ қолданылған жағдайда төмендегі ақпарат көрсетілуі қажет:

- қолданылған құралдың атауы (мысалы, ChatGPT, DALL·E, Grammarly AI, Claude, Copilot және т.б.);
- қолдану күні мен мақсаты;
- қажет болған жағдайда пайдаланылған сұраныс мәтіні (prompt).

5.3. ЖИ-ді төмендегі мақсаттарда қолдануға жол берілмейді:

- деректерді қолдан жасауға, ақпаратты бұрмалауға, эксперимент нәтижелерін, сауалнама және сұхбат деректерін фальсификациялауға;
- плагиат жасауға, дәйексөз беру ережелерін айналып өтуге, ақпарат көздерін жасыруға немесе бұрмалауға, сондай-ақ антиплагиат жүйелерін айналып өтуге;
- автордың жеке қатысуынсыз курстық жұмыстарды, бітіру жұмыстары мен дипломдық жобаларды, мақалаларды, есептерді, зерттеулерді және өзге де жазбаша жұмыстарды дайындауға, сондай-ақ автордың шығармашылық немесе аналитикалық үлесін алмастыруға;
- үшінші тұлғалар жасаған нәтижелерді өзінікі ретінде пайдалануға;
- әдейі жалған, кемсітушілік сипаттағы немесе әдепке қайшы ақпаратты генерациялауға;
- биологиялық, гендерлік, нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік, ұлттық немесе өзге де болжамды үстемдік туралы тұжырымдар немесе жорамалдар бар материалдарды жасауға, таратуға немесе пайдалануға;
- жынысы, нәсілі, этносы, діні, денсаулық жағдайы, шығу тегі және т.б. сияқты сезімтал жеке деректерге негізделген қорытындыларды, сипаттамаларды немесе бағаларды генерациялауға, сондай-ақ адам құқықтары мен қадір-қасиетінің бұзылуына, кемсітушілікке немесе стигматизацияға әкеп соғуы мүмкін кез келген іс-әрекеттерге.

5.4. Бітіру біліктілік жұмысын қорытынды бақылау және қорғау барысында жасанды интеллектті (ЖИ) қолдану ғылыми жетекшімен келісілген жағдайда ғана жүзеге асырылады. Қолдану нысаны мен көлемі магистрлік диссертация туралы Ережеге, дипломдық жобаны орындауға арналған әдістемелік нұсқаулыққа және докторлық диссертация туралы Ережеге сәйкес міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

5.5. Мәтіннің түпнұсқалық деңгейін анықтау кезінде автоматты түрде жасалған (ЖИ) контенттің көлемі де ескеріледі. ЖИ-контент сыртқы көздерден алынған мәтінге жатпайды, алайда жалпы түпнұсқалық көрсеткішіне әсер ететін өздігінен құрылмаған мәтін (авторлық емес мәтін) ретінде қарастырылады.

5.6. Дербес жасалмаған мәтіннің (көшірілген мәтін және ЖИ-контент) рұқсат етілетін шектері осы Ережеде айқындалады және төмендегідей белгіленеді:

- бакалавриат деңгейіндегі жұмыстар үшін – 35%-дан аспауы тиіс;
- магистратура деңгейіндегі жұмыстар үшін – 25%-дан аспауы тиіс;
- докторантура деңгейіндегі жұмыстар үшін – 20%-дан аспауы тиіс.

5.7. ЖИ көмегімен жасалған барлық материалдар шынайылық, дұрыстық және түпнұсқалық тұрғысынан міндетті түрде тексерілуі тиіс.

5.8. ЖИ құралдарымен жұмыс барысында құпия ақпаратты жүктеуге және пайдалануға тыйым салынады. Оларға персоналдық деректер, қаржылық ақпарат, мемлекеттік немесе коммерциялық құпияға жататын материалдар және басқа да мәліметтер жатады (ғылыми мақсатта құқық иесінің жазбаша рұқсатымен алынған деректерден басқа жағдайлардан бұл тармақ ерекшеленеді).

6. ЭТИКАЛЫҚ НОРМАЛАР ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ

6.1. Университеттің академиялық қызметінің негізін адалдық, сенім, жауапкершілік, құрмет және әділдік қағидаттары құрайды. ЖИ қолдану бұл құндылықтарды әлсіретпей, керісінше нығайтуы тиіс.

6.2. ЖИ технологияларын қолдану барысында академиялық үдеріс қатысушылары міндетті:

- жұмыстың нәтижелеріндегі авторлықты және жеке үлесті сақтауға;
- жасанды интеллект жасаған материалдарды өз еңбегі ретінде көрсетпеуге;
- ЖИ-ды тек оқу мен зерттеуге көмекші құрал ретінде пайдалануға.

6.3. Оқытушылар студенттерге ЖИ-ды жауапты қолдану мәдениетін қалыптастыруға, оның қолдану шектерін және ықтимал этикалық тәуекелдерін түсіндіруге міндетті.

6.4. Бақылау, курстық, бітіру біліктілік, ғылыми және әдістемелік жұмыстарды орындау кезінде ЖИ қолдануға мына шарттар сақталған жағдайда ғана рұқсат етіледі:

- қолданылған құралды, оның рөлін және нәтижеге ықпал ету деңгейін айқын көрсету;
- дербес талдау, аргументация және қорытындыларды сақтау;
- алынған ақпараттың шынайылығы мен дұрыстығын тексеру.

6.5. Университет «ЖИ қолдану туралы ақпарат» атты жеке қосымша рәсімдеуді міндеттейді. Бұл қосымшада студент немесе оқытушы мыналарды көрсетеді:

- қолданылған құралдың атауы;
- пайдалану мақсаты (мысалы, мәтін құрылымына көмектесу, тілдік редакция, идея генерациясы);
- соңғы нәтижені жеке тексергенін растау.

6.6. ЖИ-ды этикалық қолдану қағидаттарының бұзылуына қатысты барлық жағдайлар факультет немесе университет деңгейіндегі академиялық адалдық жөніндегі комиссияда қарастырылады.

Қажет болған жағдайда комиссия Университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерінен мамандарды тарта алады.

7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Ереженің талаптарын бұзған жағдайда академиялық үдеріс қатысушылары «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ-ның Академиялық адалдық кодексіне және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

7.2. Бұзушылықтарға, атап айтқанда, мыналар жатады:

- ЖИ-ды дереккөзді көрсетпей пайдалану;
- жасанды интеллект жасаған материалдарды өз еңбегі ретінде көрсету;
- деректерді қолдан жасау, антиплагиат жүйесін айналып өту, ақпаратты бұрмалау;
- ЖИ-мен жұмыс барысында жеке деректерді және осы Ережеде көрсетілген өзге де мәліметтерді жария ету.

7.3. Бұзушылықтарды жіктеу және тәртіптік жауапкершілік шаралары университеттің Академиялық адалдық кодексімен айқындалады.

8. ЕРЕЖЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЕТТЕР

8.1. Ереже Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет Басқарма Төрағасы-Ректордың бекітуімен күшіне енеді және қол қойылған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

8.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университеттің ішкі ережелеріне сәйкес енгізіледі.

8.3. Ереже кемінде үш жылда бір рет, сондай-ақ жаңа нормативтік актілердің, технологиялардың пайда болуы немесе білім беру саясатына стратегиялық өзгерістер енгізілуі жағдайында қайта қаралуы тиіс.

8.4. Өзгерістер енгізілген жағдайда, университеттегі күшін жойған Ереженің барлық нұсқалары алынып тасталып, жаңаларымен алмастырылуы қажет.